

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА КОММЕРЦИЯЛЫҚ БАНКТЕРДЕГІ РЕСУРСТЫҚ
БАЗАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІН ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

Аңдатпа. Мақалада Қазақстан Республикасында коммерциялық банктердегі ресурстық базаны қалыптастырудың мәселелерін шешу жолдары қарастырылған.

Кілт сөздер: депозит, коммерциялық банк, ресурстар, база.

Сырттан тартылған қаражаттардың жалпы сомасында депозиттік ресурстар басым орын алатыны белгілі. Олардың үлесі әр түрлі банктер бойынша 75% және одан жоғары ауытқиды. Нарықтық қатынастардың дамуымен тартылған ресурстардың құрылымы елеулі өзгерістерге ұшырады, оның өзі жаңа, бұрынғы банктік жүйеге дәстүрлі емес, жеке және заңды тұлғалардың еркін ақша қаражаттарының уақытша жинақталу әдістерінің пайда болуына себепші болды.

Қазақстан Республикасының «Банктер және банктік қызметтер туралы» заңында депозиттік операциялар банктік операциялардың басты бір түрі деп атап көрсетілген [1].

Депозит – бұл банктің уақытша пайдалануына клиенттің қаражатын беруі бойынша экономикалық қатынас. Депозиттер салымшылар үшін әлеуметті ақшалар болып табылады.

Сонымен бірге, депозит – бұл клиенттердің (жеке және заңды тұлғалардың) банктегі белгілі бір шотқа салған және өздері пайдалана алатын қаражаттары.

Банктің депозиттерінің мәні соңғы кезде біршама өзгеріске ұшырады. Депозит тек үстеме пайда алу үшін ғана емес, сонымен бірге несие алуда қамтамасыз ету қызметін де атқарады. Сондықтан халықтың салымдар көлемінің ұлғаюы байқалады.

Банктердің депозиттік қаражаттарын тартуды жетілдіру үшін коммерциялық банктер келесі шараларды жүргізу қажет:

- депозиттердің тартымдылығын арттыру мақсатында пайыз мөлшерлемесін жоғарылату;
- клиенттер үшін банктің тартымдылық көрсеткішін арттыру;
- халықтың сенімділік дәрежесін арттыру;
- маркетингтік іс-шараларды тиімді қолдану;
- тәуекел деңгейін күрт төмендету;
- қызмет сапасын жоғарылату.

Сонымен, депозиттік операциялардың дамуына әсер ететін бірден-бір көрсеткіш – халықтың сенімділік дәрежесі. Бұл көрсеткішті арттыру үшін банктер өз алдына осы бағытта арнайы стратегиялар қабылдау қажет. Шетел тәжірибесіне жүгінсек, қарапайым халық банктер туралы толық ақпаратқа ие [2]. Олардың балансын, тартылған қаражаттар көлемін, сыйақы мөлшерін толық біледі. Ал біздің елде кейбір банктерден басқа банктер өз балансын жарияламайды. Қазіргі таңда қай ел тұрғынының депозит туралы сұраққа және қай банкке сенімділігін сұрасаң еш жауап бере алмайды. Сондықтан, осы проблеманы жою үшін, банк арнайы маркетингтік зерттеу жүргізіп, үнемі тұсау кесу, таныстыру рәсімдерін жасап, бұқаралық ақпарат құралдарының сұхбат өткізіп, баспа беттерінде материалдар жариялауы керек. Ашық ақпарат бар жерде сенімділік те бар.

Елде депозиттік операциялардың дамуына кедергі жасайтын тағы бір көрсеткіш халықтың әлеуметтік жағдайы. Онсыз да бір айлықтан екінші жалақыға әзер жетіп, өз

шығындарын зорға өтеп отырған халық депозит салуды ойламайды да. Бұл тұрғыдан мемлекеттің және банктердің стратегиясын дамыту қажет. Мемлекет тарапынан айлық көлемін өзгерту, әлеуметтік көмек көлемін ұлғайту болса, банк стратегиясы, мысалы басқа операциямен ұштастыру болып табылады. Өзімізге белгілі қазіргі таңда ипотекалық несиелеу дамуда. Бұл несие шарты бойынша белгілі көлемде алғашқы жарна төлену керек. Егер осы жарнаны депозит ретінде қабылдаса, онда екі жақты пайда болар еді. Банктен депозиті бар тұлғаға пайызы төмен қызмет көрсету сияқты шараларды қолдану ыңғайлы.

Банктер арасында ресурстарды тартудағы бәсекелестік күрестің маңызды құралы – пайыздық саясат болып табылады. Қазіргі кезде банктер депозит бойынша пайызды салымдарды сақтандыру Қорының белгілеген мөлшерлемесіне байланысты белгілейді. Депозиттердің жеке түрлері бойынша пайыздық мөлшерлеме деңгейі салым мерзіміне, сомасына байланысты қойылады. Депозит мерзімі ұзақ болған сайын, пайыздық мөлшерлеме де жоғары болып табылады. Сондай-ақ, пайыз төлеу жиілігі де маңызды мәнге ие. Бұл жерде пайыз төлеу жиілігі алшақ болған сайын мөлшерлеме деңгейі де жоғары болады.

Салымшыларды тарту мақсатында пайызды есептеудің әр түрлі жолдары қарастырылады. Соның ішінде дәстүрлі тәсілге жай пайыз жатады. Мұнда есептеу базасы ретінде салымның соңғы қалдығы алынады. Пайызды есептеудің екінші түрі – күрделі пайыз болып табылады. Бұл жерде есептеу кезеңі біткен соң, салым сомасынан пайыз есептеледі де, ол салым сомасына тағы да қосылады. Осылайша, келесі есептеу кезеңінде, пайыздық мөлшерлеме жаңа базаға қолданылады.

Салымшылар үшін соманың депозитте нақты болу уақытына қарай прогрессивті өсетін пайыздық мөлшерлеме тартымды көрінеді. Мұндай есептеу тәртібі салымның сақталуы мерзімін ұлғайтып, оны инфляциядан қорғайды.

Кейбір банктер инфляциядан сақтану үшін пайызды алдын-ала есептеп беруді ұсынады. Бұл жерде салымшы пайыздық табысты салымды сала салысымен ала алады. Егер келісім шарт мерзімінен бұрын тоқталатын болса, банк салымы бойынша пайызды қайта есептеп, артық төленген соманы қайтарып алады. Кейбір банктер пайызды есептеу кезінде, бір жылдағы нақты күнді алса (365 немесе 366 күн), кейбіреулері жақындатылған орташа соманы (360 күн) алады. Бұл да табыс мөлшеріне әсер етеді.

Банк институттарына деген халық сенімі артуының куәсі — депозиттік базаның ұлғаюы. 2012 жылдың 1 қаңтарына депозиттердің жалпы өсімі 2009 жылдың 1 қаңтарымен салыстырғанда 42,0%-ға жетіп, көлемі 2 758,6 млрд. теңгені құраған.

Банктер мен салымшылар қарым-қатынастарындағы оң өзгерістер салымдарды тарту тәсілдерінің кеңеюінің, осы тұрғыда екінші деңгейдегі банк филиалдарының атқарған жұмыстарының ұлғаюының нәтижесі. Бұған мерзімдік салымдардың талап ету салымдарымен салыстырғандағы озық қарқынмен өсуі де куә. 2012 жылдың 1 қаңтарына 2010 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда мерзімдік салымдардың көлемі 45,0%-ға өскен, бұл ретте талап ету салымдары бойынша өсім небары 28,0% болғанын айтқан жөн.

Kaspi Bank басқарма төрағасы айтуы бойынша экономикадағы банктік депозиттердің ұлғайту жолдары келесідей [3]:

Біріншіден, дүниежүзілік қаржылық дағдарыс жағдайында сыртқы қаржыландыруды ішкі депозиттермен алмастыру әрбір банк үшін стратегиялық міндет болып табылады. Клиенттердің өзінің сенімділігіне, тұрақтылығына және айқындылығына сендіре алатын банк, соғұрлым көбірек тарта алатын мүмкіндікке ие болады. Сыртқы қаржыландыруды ішкі депозиттермен алмастыру бір шама уақытты талап етеді. Сонымен, ішкі депозиттер банктің қаржыландыру жағдайының өсуіне және экономикалық дамуының функционалды тұрақты көзіне айналып отыр.

Екіншіден, қазіргі кезде депозиттер Жалпы Ішкі Өнімнің 20% дейін құрайды. Бұл

көрсеткіштің мәні алдағы 3 жыл ішінде кем дегенде 2 есеге дейін ұлғаюы болады. Қазақстан Республикасы экономикасының даму қарқынына сүйенетін болсақ, осындай болжамның орындалуы анық болады.

Инфляциялық процестер, депозиттік операциялардың жеткіліксіз өсуі бірқатар жағдайларда мыналар түріндегі қосымша көздерді банктердің тарту қажеттігіне себеп болады: бағалы қағаздарды қайта сатып алумен бірге сату туралы келісім; банкаралық нарықта қарыз алу; орталық банкте векселдерді есепке алу және қарыз алу; коммерциялық қағаздарды шығару; евродоллар нарығында қарыз алу; облигациялар мен капиталдық ноталарды шығару. Депозиттік емес тартылған қаражаттардың депозиттерден өзгешелігі банктер ақша нарығында өздерінің борыштық міндеттемелерін сату немесе қарыз түрінде алады. Банк ресурстарының депозиттік емес көздері депозиттерден дербес сипатымен өзгешеленеді, себебі банктің нақты клиенттерімен бірге қауымдастық жоқ, оларды алу нарықта делдалдар арқылы немесе тікелей бәсекелестік негізде жүзеге асырылады, сондай-ақ, қаражаттарды тарту бастамасы банктің өзіне тиесілі, ал депозит жағдайында белсенді тарап салымшылар болып табылады.

Ресурстарды тартудың депозиттік емес көздері қаржы нарығының механизміне еркін қатынайтын және қаржы орталықтарында орналасқан ірі банктермен кең түрде пайдаланылады.

Банктердің осы санаттары белсенді операциялар жүргізу үшін қаражаттардың жетіспеушілігін үнемі сезінеді, сондай-ақ тәуекелдермен байланысты операциялардың көлемі және ауқымының үлкендігімен байланысты өзінің өтімділігін белгілі деңгейде ұстау үшін және қамтамасыз ету үшін қуатты саясат жүргізуге тиіс.

- Дүниежүзілік қаржы нарығындағы дағдарыс пен банктердің сыртқы қаржыландыруға тәуелділігі соңғы уақытта бірнеше мәселелер туғызды. Ол біріншіден, банктердің ресурстарға тапшылығын тудырды; екіншіден, халықты несиелендіруді тоқтатты; үшіншіден, пайыздың мөлшерлемесін өсірді және банктердің акцияларының бағасын төмендетті.

- Аталған қиындықтардан шығу үшін мемлекет еліміздегі ірі банктерге қолдау көрсетуде. Мысалы, 2007 жылы мемлекеттің екінші деңгейлі банктерге берген несиесі 2,2 млрд долларды құраса, 2008 жылы ол 7,7 млрд долларды құрады. Бұл дегеніміз банктердің Ұлттық Банктен алған несиесі 3 есе өскендігін көрсетті.

- Банктік ресурстарды қалыптастыруда банк акцияларының құнын өсіру маңызды болып табылады. Ол үшін банк тұрақтылығы мен сенімділігін, беделін қалпына келтіру қажет.

- 1999 жылы мамыр айында өткен Қазақстан Қаржыгерлерінің Конгресінде Президент Н.Ә. Назарбаев отандық қаржы жүйесіне халықтың сенімін арттыруға қажетті шаралардың бірі ретінде депозиттерді ұжымдық сақтандыру механизмін қалыптастыруды атап өтті.

- Сөйтіп, 1999 жылы 15 қарашада Қазақстан Республикасы Ұлттық банк басқармасының №393-қаулысына сай, салымдарды кепілдендіру жүйесіне мүше банктер салымдары бойынша өтемдерді төлеуді қамтамасыз ету мақсатымен «Жеке тұлғалардың салымдарына (депозиттеріне) міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) қоры» ЖАҚ құрылды. Міне, осы қор құрылған күннен бастап тұңғыш рет депозиттерді сақтандыру жүйесінің іргесі қаланды. Қор қызметі Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі жеке тұлғалардың салымдарына (депозиттеріне) міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) ережесіне және қордың жарғысына сай жүзеге асырылады. Қордың құрылтайшысы Қазақстан Республикасы Ұлттық банкісі болып табылады. Қордың алғашқы жарғылық капиталы 1 млрд теңге.

- Қор қызметінің негізгі мақсаты - Қорға мүше банктің ықтиярсыз таратылуының нәтижесінде жеке тұлғалардың салымдарын кепілдендіру арқылы банк

салымшыларының мүдделерін қорғау.

- Қордың ағымдағы қызметін басқару тоғыз адамнан тұратын Қор Басқармасымен жүзеге асырылады. Қор Басқармасының құрамына Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің үш өкілі, қатысушы банктердің төрт өкілі және Қаржы Министрлігінің бір өкілі кіреді және олардың әрқайсысы бір дауысқа ие. Қор басқармасының төрағасы Басқарма мүшелері арасынан Ұлттық банктің ұсынысы бойынша сайланады.

- Қордың есеп-шоттары тек қана Ұлттық банкте ашылады. Қордың қаражаттары Қор активтерінің кемінде 80% мөлшерінде - мемлекеттік бағалы қағаздарға, Ұлттық банктегі салымдарға салынады.

Қор мынандай негізгі қызметтерді атқарады:

- қатысушы банк ықтиярсыз таратылған жағдайда, оның салымшыларына (депозиторларына) салымдары бойынша Ережемен белгіленген көлемде және тәртіппен өтем төлейді;

- активтерді басқарады;

- қатысушылардың куәліктерінің есебін жүргізеді;

- Қор жарғысында, Ережеде және Ұлттық банктің басқада нормативтік құқықтық актілерінде көзделген өзге де қызметтерді жүзеге асырады.

Жалпы, 1999 жылдан бастап бергі кезеңде депозиттерді сақтандыру жүйесінде үлкен түрлі өзгерістер болды.

Алғашқы кезеңде жеке тұлғалардың салымдарына міндетті ұжымдық кепілдік беру объектісі банктерге жеке тұлғалар теңгемен, АҚШ долларымен және еуромен мерзімдік салымға салған банктік салым шарттарымен немесе салымдық құжаттармен куәландырылған ақша болып табылды.

Қорытындылай келгенде, банк сенімділігі мен тұрақтылығы қаражаттарды тартудан өте маңызды болып табылады. Депозиттік және депозиттік емес тартылған қаражаттардың көлемі банк қызметінің сапалылығына тікелей байланысты. Сондықтан да, бәсекелестік жағдайда банктің беделін өсіру, қызмет сапасын жақсарту, әрбір клиентке жоғары көңіл бөлу әрбір банк үшін басты мәселе болып табылады.

Әдебиеттер

1. «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығы, 1995 ж. 31 тамыздағы №2444.
2. Черкасов В.Е. Финансовый анализ в коммерческом банке. - М.: «Инфра», 2005.— 384с.
3. АҚ «Kaspi Bank» 2010 -2012 жылдардағы есеп беруі.

Ж.М. Сатыбалдина

ПУТИ РЕШЕНИЯ ПРОБЛЕМЫ ФОРМИРОВАНИЯ РЕСУРСНОЙ БАЗЫ КОММЕРЧЕСКИХ БАНКОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

В работе рассматриваются пути решения проблемы формирования ресурсной базы коммерческих банков Республики Казахстан.

Z.M. Satybaldina

SOLUTIONS TO THE PROBLEM OF FORMATION OF THE RESOURCE BASE OF COMMERCIAL BANKS IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

The paper considers to problem resolution of forming of the resource base of commercial banks the Republic of Kazakhstan.